

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1-2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>- музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b>          Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p> <p><b>Ән айту.</b>          Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызындайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).</p> <p><b>Музыкалық ырғақты-қимылдар.</b>          Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b>          Қанжар, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қаттыақырын сылдырлату) үйрету. Ырабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау.</p>